



*«Айыртау ауданы орталықтандандырылған кітапханалар жүйесі» КММ  
Арықбалық ауылдық кітапханасы*



**Дала өркениетінің бастауы болған – Ботай қонысы**

**Жадынама**

*Арықбалық с.*

## Жылқының алғаш рет қазіргі Қазақстанның солтүстігінде қолға үйретілгені және қымыздың пайда болғанына бес жарым мың жыл болғандығы турасында сенімді дәлел табылған

Адам жылқыны осыдан бес жарым мың жыл бұрын қолға үйреткенін және бұның Солтүстік Қазақстанда орын алғандығын археологтар дәлелдеді. Ғалымдардың пікірінше, бұл ғылыми жаңалық Евразия қоғамының аграрлық кезеңге дейінгі даму деңгейіне қатысты қазіргі көзқарасты қайта қарауға түрткі болуы мүмкін. Жылқының ертерек қолға үйретілгені жөніндегі тың дәлелдерді Science журналының жаңа санында ағылшынның Эксетер университетінің Алан Оутрам басқарған көпұлтты археологтар командасы жариялады. Евразия тарихына деген көзқарасты түбірімен өзгертетін жаңалық туралы көптеген шетелдік басылымдар жарыса жазуда.

**New York Times** газетінің жазуынша, археологтар біршама жылқы сүйектері мен басқа да қазбаларды тапқан. Оларды зерттеу барысында, бұл жылқыларды Қазақстанның солтүстігінде, біздің дәуірімізге дейінгі 3600 жылдан бастап 600 жыл қатарында дамыған, жартылай көшпелі Ботай мәдениетінің өкілдері қолға үйреткені туралы бір-бірінен тәуелсіз үш түрлі дәлелдер тобы нақтыланған. Біріншіден, ғалымдар төрт жерден табылған жылқы қаңқаларының түрі мен өлшемін талдаған. Оларды осы өңірлерде, осы кезеңдерде өмір сүрген жабайы жылқылардың, бұдан жүздеген жылдар кейінірек қола дәуіріндегі қолға үйретілген жылқылардың және монғолдың қолға үйретілген жылқыларының сүйектерімен салыстырған. Зерттеушілер, сүйегі ірі жабайы жылқыларға қарағанда ботай жылқыларының «сымбаттырақ» болғандығын және қолға үйретілген жылқыларға жақындау екендігін айтады. Доктор Оутрамның пікірінше, Ботай мәдениетіндегі жылқылардың қолға үйретілуінен, жылқының генетикалық жағынан өзгерген жаңа түрі пайда болды деп біржақты нық айтуға болмас. Бірақ, ол жылқы сүйектеріндегі айырмашылықтар арқылы, ботай жылқылары еті мен сүті үшін, күш көлігі ретінде адамдарға пайдалырақ болғандығын айтады.

Дәлелдердің екінші тобы жылқының тістеріндегі іздер мен қаңқа тканінің бұзылуына байланысты. Зерттеушілер оны жұмысқа пайдаланған жылқыны басқару үшін кигізілген жүген мен ауыздықтың, жауырдың салдары деп есептейді. Тістегі мұндай кетіктерді археологтар бұрыннан бері қолға үйретудің дәлелі деп есептеп келеді. Дәлелдердің үшінші тобы қыш ыдыстың қабырғасындағы май қышқылдарының дағымен байланысты. Ыдыс қабырғасындағы дақтар бие сүтінің ізі. Бұның өзі Ботай тұрғындарының қымызды қалай ашытуды білгенін дәлелдеп тұр. Жылқылардың қолға үйретілген жері мен уақыты ғалымдарға бұрыннан жұмбақ болып келген. Зерттеушілердің көпшілігі мыңдаған жылдар бойы жабайы жылқылар өсіп-

өнген, құрбандыққа шалынған тайлардың қаңқалары мен дөңгелекті арбалар табылған Украина, Ресей және Қазақстанның далалары жылқылардың қолға үйретілген жері болуы мүмкін деп есептеп келген. Американдық археолог Дэвид Энтони 2007 жылы жарық көрген «Жылқы, дөңгелек және тілдер» атты кітабында бұл аймақтағы жылқының қолға үйретілу мезгілі шамамен біздің дәуірімізге дейінгі 2500 жыл деп жазады. Жылқының қолға үйретілуіне қатысты дәлелдер осының алдында, Ботай мекенінде, Көкшетау университетінің ғалымы Виктор Зайберт жүргізген қазбалардың нәтижесінде табылған. Карнеги жаратылыстану мұражайының қызметкері, америкалық Сандра Олсенмен бірге олар жылқы қаңқаларынан жауырдың іздерін тапқан. Бұл Ботай жылқыларының жұмысқа және мініске пайдаланылғаны туралы болжам жасауға негіз болды. Зайберт пен Олсен адамның жылқыны қолға үйреткен уақыты мен орнын алғаш ашқан археологтар тобына жатады. Оутрамның айтуынша, бұның өзі «ақпарат алмасу, көлік, азық өндіру және әскери іс саласында әлеуметтік және экономикалық жағынан үлкен маңызға ие болған». «Менің ойымша, жылқының қолға үйретілуі адамзат тарихындағы ең шешуші оқиға болған, - деп келтіреді Сандра Олсеннің сөзін **Los Angeles Times** газеті. – Александр Македонский мен Шыңғысханды қоса алғанда, барлық ұлы империялардың негізін қалаушылар жылқысыз ештеңе істей алмас еді». Олсен мен оның әріптестері Қазақстанның солтүстігінде жылқылардың қолға үйретілгендігі жөнінде бұдан бұрын да түрлі дәлелдер келтірген. Мысалы, жылқыларға арналған қоршаулар, жылқы тезегінің құрылыс материалы ретінде пайдаланылуы, сонымен бірге, лассо тәрізді әбзелдің кең таралуы. Бұл дәлелдер даулы болатын, ал скептиктер болса, бұның барлығы жабайы жылқыларды пайдалануға байланысты деп байлам жасады. Алайда, жаңа табылған дәлелдер Ботайда адамдар жылқыны үйретіп қана қоймай, олардың бүкіл патриархалды экономикасы осы жануармен тығыз байланыста болғандығын айтуға мүмкіндік береді.

**Infox.ru** сайтының жазуынша, қазақ ғалымдары Оутреммен пікірлес және қазақ даласын жылқы өсірудің алғашқы отаны деп есептейді. Желтоқсанда олар Қаратауда андрон мәдениетіне жататын тастағы таңбаларды байқаған. Алматы археология институтының қызметкері, тарих ғылымының докторы Алексей Марьяшев **Infox.ru** тілшісіне берген сұхбатында Арпаөзен шатқалында археологтар қола дәуіріне жататын арбалы аттармен аң аулау сәті бейнеленген суреттер тапқанын айтты. Андрон мәдениетінің адамдары Қазақстан аумағында 4,4-3 мың жыл бұрын өмір сүрген. Олар Қаратау жартастарына ұрыс қимылдарын, толықтай жарақтанған жауынгерлерді, екі метрлік түйелерді және табыну көріністерін салған. Алексей Марьяшевтің айтуынша, Қазақстандағы ескерткіштердің саны ғана емес сапасы да өзгеше. «Мұндағы материалдар өте бай және олар жекелеген стилдерді, бұл өнердің туындауы, оның гүлденуі мен

біртіндеп сөнуінің кезеңдерін бөліп алып, қайта електен өткізуге мүмкіндік береді. Сонымен бірге, Қазақстанда жаңартылған суреттер де көптеп кездеседі. Салт атты жауынгерлер түркілерге ұқсайды. Анықтап қарасаң, жауынгерлер кейінірек салынған. Ал, жылқылар қола дәуіріне жатады. Осыдан барып бұл өнердің сабақтастығы, оның дамуы мен біртіндеп сөнуі анықталады», - дейді Марьяшев.

Бұл сенсациялық жаңалық басқа да көптеген БАҚ-тардың назарын аударған. Мәселен, немістің *Sueddeutsche Zeitung* газеті «Әлемнің алғашқы салт аттылары» деген мақаласында, қазіргі Қазақстанның солтүстігіндегі Ботай мәдениетінің өкілдері осыдан 5500 жыл бұрын жылқыларды қолға үйреткен. Яғни, бұл оқиға Европадағы алғашқы қолға үйретілген жылқылар пайда болғаннан 2000 жыл бұрын болған деп атап көрсеткен. «Жылқыны алғаш өсірген адамдар бие сауған деп сеніммен айтуға болады. Өйткені, қазір де Қазақстанда бие сауылады, - деп жазылған мақалада. – Бие сүтінен ферменттелген, қышқылтым сусын - қымыз ашытылады. Мүмкін, Ботай дәуірінде де қымызды осылай ашытқан болар. Қалай болғанда да, археологтар қыш ыдыстардың қабырғасынан тапқан май іздері тек бие сүтінде ғана болады. Бұған қарағанда, Ботай тұрғындары жылқыны сиырдан, қой-ешкіден бұрын қолға үйретсе керек. Шыныққан жануарлар суыққа тоңбайтын. Өзге үй жануарларын қыста қолдан жемдеу керек болса, жылқылар жылдың кез-келген мезгілінде өздігінен жайылатын болған.

Сөз соңында *Gazeta.ru* электронды басылымындағы мына сөйлемді келтіре кеткенді жөн көрдік: «Адамзат баласы қазіргі қол жеткен табыстары үшін ежелгі әлемді біріктірген ежелгі Қазақстан тұрғындарына, олар қолға үйреткен жылқыларға қарыздар».

### **Ботай мәдениеті**

Ботай мәдениеті - энеолит дәуірінде Солтүстік Қазақстанды мекендеген тайпалар мәдениеті. Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Никольское ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 1,5 шақырым жерде Ботай қоныстарына байланысты аталған. Ботай ескерткішіне 1981-1983 жылдар аралығында Солтүстік Қазақстан университетінің археологиялық экспедициясы профессор Виктор Зайберттің жетекшілігімен қазба жұмыстарын жүргізген. Ауданы 15 гектар жерді алып жатқан қоныстан 158 үйдің орны қазылып аршылған. Кейбіреулерінде 30-ға тарта үйлер болған. Сәулетшілерді бұзылған тұрғын-жайлардан қалған ойпаттар қызықтырған. Ғалымдар ежелгі тұрғын-жайлар құрылысын қайта тұрғызуға мүмкіндік

алады. Алғашқыда дөңгелек және көпбұрышты қазан шұңқыр қазып алынды. Қазан шұңқырдың тереңдігі 60-80см, ауданы - 30-дан 70 шаршы метр. Кейін сазды сулап, домалақ күйінде қабырғаға салған, сыртынан жануарлар сүйегімен бекіткен. Ежелгі тұрғын-жайлардың қабырға ені 80-120 см, биіктігі - 60-100 см. Тұрғын-жайлар маңында арнайы ор қазылып, ол жерден еден, қабырғаға арналған сылауға қажетті саздар алынды. Қабырға периметрлері бойынша бөренеден шатырлармен қаптап, ортасында түтін шығаратын тетік жасалды. Бөрене сазбен сыланып, жоғарыдан жануар терісі мен қыртыспен жабылды. Ғимараттың ішкі биіктігі 250-320 см құрады. Қайта тұрғызу сараптама жолы арқылы жүргізілді. 1983 жылдың жазында ежелгі тұрғын-жайдың үстіне ежелгі Ботай тұрғын-жайы салынады. Қайта тұрғызу өз-өзін ақтады. Жазда сараптамалық тұрғын-жайда суық әрі құрғақ болатын. Күз-қыс мерзімінде температурасы бір қалыптан түспеді. Тұрғын-жайға тұрақты түрде күтім жасағандықтан, қапталған сыртының беріктігіне қарай адамдарға тұруға қолайлық жасады (кем дегенде 15-20 жыл). Әрине, жыл сайын қабырға, қазан-ошақтың ішкі бөлігі сыланып отырған. Қазба жұмыстарын жүргізгенде ботайлықтардың тұрғын-жайлары бір-бірімен тығыз жалғасып жатты. Тұрғын-жайдың ішкі жобасы туралы біраз нәрсе айтуға болады. Ортада еденде ошақ орнатылған. Қабырға маңайында ұсақ шаруашылық шұңқырлар болды. Қазан ошақтарының қабырғасында көптеген шаруашылық және діни қажеттіліктер тізіліп тұрған. Ботайлықтар қабырға айналасында шыға беріске қарсы сәкілерді орнатып, терілерді төсеген. «Шұңқыр-консервілерде» ұзақ уақыт бойы сақтаған. Ол былай жасалған: 1 метрге дейін шұңқыр қазып, оның ішіне жылқы етін тұтастай салып, терісімен және сазбен жапқан. Үстінен от жағып, оттегінің толғымен жанып болғанын күтеді. Дайын болған ет ауасыз да, сол шұңқырда бұзылмай сақталады. Өзен жағасы маңындағы өндірістік құрылыстарда ежелгі адамдар тас, ағаш, аңдардың сүйегі мен терісін өңдеп, киім тіккен, қыш ыдыстар дайындаған. Тастан жасалған жебе, садақ, қанжар, пышақ, найза ұштықтарының көптеп табылуы қоғам өмірінде аңшылықтың рөлін айқын көрсетеді. Сонымен қатар жылқының сүйегінен ағашты өңдейтін қашауғыш, құс сүйегінен киім тігуге арналған инелер, жуалдыз, тескіштер, тұмар мен әшекей бұйымдарының кездесуі шаруашылықтың әр саласынан хабар береді. Ғалымдарды табылған ат сүйектерінің көптігі таң қалдырған. Жұмысқа аңдар сүйегін зерттейтін ғалым-остеологтар шақырылды. Олар ауқымды істер атқарды. 133 мыңдай жылқы сүйектері зерттелді. Нәтижесінде анықталғаны, Ботай аттары бұрынғыда белгілі жылқылар түріне жатпайтын боп шықты. Ботай аттарының сүйегі өзге де ежелгі аттар сүйегінен ерекшеленіп тұрды. Ғалымдар бірауыздан ботай аттарының қолға үйретілген деген пікірді ұстанды. Олар далада жүрген жабайы жануар еместігін айтады. Жылқылар үй



шаруасында, аң аулауда қолданылған. Күні бүгінге дейін жылқылар қолға кеш үйретілген деген пікірлер айтылды. Қоныстың материалдарымен әлемнің барлық ғылымдары қызыға бастады. Ботай жылқысын зерттеп білуге Солтүстік Қазақстан облысына Новосібір, Мәскеу, Англия, Германия ғалымдары келді. Көптеген ғалымдар ортақ пікірге сүйенді, яғни Ботай қонысы Еуразия даласында мал шаруашылығы орталығы болған.

Солтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясының жетекшісі Виктор Зайберт Англияның Кембридж университетіне Ботай қонысы бойынша лекция өткізуге шақырылған. Ғалымдар Ботайды 28 жыл бойы зерттеді. Оншақты мақала жазылып, кітаптар басылды. Ботай мәдениетінің қалыптасуына Атбасар неолиттік мәдениетін жасаған тайпалары араласқан. Ботай мәдениеті Ертіс пен Жайық өзендері аралығын мекен еткен тайпалар мәдениетіне жатады. Алайда, Ботай жері сақтаған жұмбақтар әлі де бар. Әлі де ежелгі адамдардың тайпалас адамдарды қалай жерлегені анықталмаған. Бірнеше ежелгі адамдардың қалдықтары табылып, археологтарға жаңа жұмбақтарға кенелтті. Олар бұзылған тұрғын-жайлардан табылды. Әсіресе, адамның бас қаңқасы қызығушылық туғызды. Ол қазірде облыстық тарихи -өлкетану мұражайында сақтаулы тұр. Ботай жеріндегі қазбалар жалғасуда.


«Әр қазақтың өз тұмары бар. Біз бұл кешенді тұмар ретінде салған себебіміз – Ботай Бурабайдың жаңа бойтұмарына айналғанын қаладық. Әрі кешеннің өзі жеті үйден тұрады. Жеті деген қазақтың ұғымында киелі сан. Бұл қоныс археологиялық қазбалардың негізінде жасалды. Ботай мәдениетін ашқан тарих ғылымдарының докторы Виктор Зайберт ғылыми кеңесшіміз болды. Мұражайдың әр кезеңі онымен келісілді», - деді Бурабай тарихи-өлкетану мұражайының директоры Қуаныш Шақшақов.



болған деп қателеседі. алдымен, мәдениет. Ол екі өмір сүрді. Бұл мәдениет Ертіске дейінгі аумақты кезінде қазақтың бар Егер нақты санмен айтар мәдениетінің 3, ал Ақмола облысында 20-дан астам қонысы болды. Оның ішіндегі ең басты ошақтары: Краснояр, Вожникова және Бурабай», - деді ол.

Оның айтуынша, Ақмола облысының аумағында ботай тайпасының 20 қонысы табылған.

«Көбісі ботай қонысы тек Солтүстік Қазақстан облысындағы Айыртау ауданының аумағында



Ботай дегеніміз – ең мың жылдан астам Жайықтан бастап қамтыды. Яғни, даласына тарады. болсақ, СҚО-да ботай

болсақ, СҚО-да ботай

Мұражай кешені жеті үйден тұрады. Біз музейдің экскурсоводы Сәкен Қайыржановтың көмегімен кешенді аралап, ондағы әр бөлменің тарихымен танысып шықтық. Бірінші бөлме кіреберіс бөлмесі. Жалпы, үйге кірген кез келген адам оның формасы мен төбесіне зер салады. Себебі, тұрғынжайдың формасы киіз үйге ұқсайды. Еліміздің кейбір өңірлерінде мұндай үйді шошала деп те атайды. Диаметрі 8-10 метр болатын тұрғынжай қыш пен тастан және мал мен аңдардың сүйегінен салынған.



«Үйдің негізгі тіреуіші ретінде жылқы малының сүйегі пайдаланылған. Айта кетейік, ботай қоныстарын зерттеу кезінде Қазақстан аумағында үлгі ретінде жылқы малының шамамен 70 мыңға жуық сүйегі мен 10 мыңдай керамика, сондай-ақ арқар, қасқыр, түлкі сынды аңдардың сүйектері табылды. Осыдан-ақ біз ежелгі адамдардың тек қана шаруа болып қоймай, жақсы аңшы болғанын көре аламыз. Оған қазба жұмыстары кезінде табылған қару-жарақтар мен тұрмыстық заттары дәлел», - деді мұражай маманы.

Үйге кірген адам қолындағы қару-жарағы мен тұрмыстық заттарын осы бөлмеде қалдырған. Келесі бөлме – негізгі тұрғынжай. Айта кетейік, үйдің едені 1 метрге дейін тереңдікте қазылған. Ал төбесі шағын бөренеден қаланған. Бұрынғы заманда өмір сүрген адамдар үйдің уақыт өте келе отырып, құлап қалуы мүмкін екенін білген. Тұрақтылық үшін қысқа ағаштан салған.



«Бұл бөлмеде қауым жиналып, тұрмыстық шаруаларын талқылаған. Мысалы, бір отбасында 18-20 адам болған. Үйде қанша ошақ орнатылса, сонша отбасы өмір сүрген. Әр бөлме бір-бірімен тар жолдар арқылы байланысқан», - деді ол. Біз көрген үшінші бөлме – әкімшілік-шаруашылық бөлмесі. Археологиялық қазба және ғылыми жұмыстардың нәтижесінде ботай қонысының өкілдері сүйек, тас, терімен бірге, керамикамен жұмыс істей білгені дәлелденді. «Олар сол кездің өзінде тас пен сүйектен бөлек, тері мен ағашты өндеп, тұрмыстық заттар жасай білген. Мысалы, мына жерге қойылған заттардың арасында қазба кезінде табылған тастар бар. Оны негізінен теріні илеу үшін пайдаланған. Бұған қоса, археологтар ағаш астаудың қалдығын тапты. Соның негізінде мына астау жасалды. Бұл жерде ешқандай фантазия жоқ.



Бәрі табылған заттардың негізінде жасалды», - деді Сәкен Қайыржанов.

Төртінші тұрақ - жатын бөлме. Бөренеден жасалған кереуеттің үстіне шөп төсеп, жылқының терісімен жапқан. Жатын бөлмеде саты қойылған.

«Үйдің тұрғындары бұл сатыны төтенше жағдай кезінде үйден шығу үшін пайдаланған. Солтүстіктің қысы қатты болатыны белгілі. Қыста боран соғып, қар көп түседі. Қар басқан үйдің тұрғындары бірнеше апта сыртқа шыға алмай қалуы мүмкін. Сол себепті, бір үйде бір саты болды», - деді экскурсовод.

Үйдің басты бөлмесі – тайпа көсемінің бөлмесі. Бұл бөлмеге апаратын жол тар, ең басты ерекшелігі – кіретін есіктің маңдайшасы төмен орналасқан. Яғни, бөлмеге кіру үшін адамға еңкеюге тура келеді. Бөлмеге кірмей жатып-ақ адамдар еңкейіп көсемге құрмет көрсеткен. Тайпа басшысының бөлмесінде соғыс мен бейбітшілік, көші-қон, шаруашылық және т.б. маңызды мәселелер кеңесіліп, шешімін тапқан. Сол кездің өзінде адамдар басқару формасы туралы жақсы білгенге ұқсайды.



Тайпа басшысы қауымды өзі басқарғанымен рухани көсемнің көмегіне жүгінген. Ол миссияны шамандар атқарды. Мұражайдың алтыншы бөлмесі - шаманның тұрағы деп аталады. Бұған қоса, үй болған соң, асханасы болуы заңды. Мұражайдың жетінші бөлмесі қымызхана деп аталады. Бұл бөлмеде жылқы байлап, бие сауып, қымыз піскен. Биені жылқы малының терісінен жасаған шелекке сауған. Мамандардың айтуынша, ол жабайы малды үркітіп алмас үшін табылған ақыл. Бөлмеде теріден жасалған күбі, шелек, мес және т.б. заттар қойылған.

Байқағанымыз, үйдің әр бөлмесінде ошақ бар. Қыш пен тастан жасалған ошақта жанған оттың түтіні бөлменің ішіне тарамай, жоғарыға қарай тартып, түндіктен шығады.



«От жаққанда түтін бөлмеге тарамай, жоғарыға қарай кетсе үйдің биіктігі жеткілікті деп саналған. Ал түндікке жетпей бөлменің ішіне жайылса, үйдің төбесі аласа болғаны. Бір қызығы, ошақта от жанғанда үйде отырған адамдар түтіннің иісін сезбейді. Бұл үйдің түтіні түзу ұшады», - деді «Ботай-Бурабай» археологиялық-этнографиялық музейінің ғылыми қызметкері-экскурсоводы Сәкен Қайыржанов.



**ҚР Ұлттық музейінің ғылыми қызметкерлері Солтүстік Қазақстан облысындағы Ботай қонысында зерттеу жұмыстарын жүргізді.**





Жұмыс барысында екі шеті де өңделген шақпақтастан жасалған ірі пышақтар, тегістеліп жылтыратылған тас балталар, найзаның ұштары, оқтар мен



найзалар, нақышталған сүйектерді тапты.

Қазақ даласындағы ежелгі жылқы өсірушілердің құрал-саймандар мен қаруларды пайдаланғанының нақты үлгісі осы артефакттер болып отыр. Табылған бұйымдар жақсы сақталған. Археология профессоры Виктор Зайберттің сөзіне қарағанда олар б.д.д. IV–III ғасырларға жатады.

Ботай қонысына жүргізілген қазба жұмыстары барысында жылқы сүйектері көптеп кездескен. Ботайлықтар оларды құрал-саймандар мен қару-жарақ,



үй мен табыну үшін керек-жарақтар жасауға пайдаланған, ал үй шаруашылығы үшін қажет болмай қалған сүйектерді баспаналардың және басқа да шаруашылық құрылыстарының балшық қабырғасына арқау ретінде

пайдаланған.

Зерттеу жұмыстары барысында ботайлықтардың үй құрылыстары үшін



пайдаланған сәулет тәсілдерінің қыр-сырын шешу мәселелері де қарастырылды. Ұлттық музейдің ғылыми қызметкерлері осы сәулетті бейнелі және егжей-тегжейлі түсіндіру үшін Шалқар көлінің бойына орналасқан бір-бірімен өтпе жол арқылы

қосылған бастапқы шамасына қайта келтірілген Ботайдың екі баспанасын зерттеді. Тұрғын үй кешені археология профессоры В. Ф. Зайберттің жетекшілігімен Ботай қонысына жүргізілген қазба жұмыстары негізінде алынған мәліметтерге негізделіп тұрғызылған.



Осылармен қатар, қызметкерлер қонысты зерттеу аясында жаңа археологиялық орындарға жекелеген

барлау жұмыстарын жүргізді. Ботай қонысының шығысынан 11 шақырым қашықтықтағы Иманбұрлұқ өзенінің оң жағалауындағы, Айыртау ауданының Кутузовка ауылынан батысқа қарай 2 шақырым жердегі үшінші алаңның шетінен екі жерлеу құрылысы анықталды. Олардың бірі үйіндісі топырақтан тұратын қорған. Оның диаметрі 26 метр, биіктігі үйіндінің етегінен санағанда 80 см болады. Ашық объектілерге жүргізілген қазба жұмыстары өзінен кейінгі дәуірлердегі мәдениеттердің дамуына мықты серпіліс берген Ботай мәдениеті аумағының

ғылыми маңыздылығын ескеріп, Қазақстандағы бірегей аймақтың тарихи-мәдени тұжырымдамасына жаңақпараттар қосты. Аталған экспедиция Ұлттық музейдің ғылыми-зерттеу қызметін көрсетеді және ол Қазақстан тарихы мен мәдениетінің белгілі ескерткішін зерттеп қана қойған жоқ, сонымен қатар ғылыми қызметкерлердің Қазақстан археологиясы мен тарихы саласындағы кәсіби білімдерін жетілдіруге де арналды.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

Қазақстан ұлттық энциклопедиясы, 2 том;  
Солтүстік Қазақстан облысы энциклопедиясы.

*Кітапхана адресі:*

*Центральная көшесі, 44*

*Кітапхананың электронды почтасы: [arbl\\_asbiblioteka@mail.ru](mailto:arbl_asbiblioteka@mail.ru)*

*Кітапхананың телефоны: 8(71533)41840*